

2014 жылға субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және отандық өндірушілер өткізген тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына), тыңайтқыштар берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 255 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 қазанда № 2343 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына және «Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 қаулысына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және отандық өндірушілер өткізген тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына), тыңайтқыштар берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормалары осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. «Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;
- 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 4) осы қаулыдан туындайтын басқа да қажетті шаралардың қабылдауын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М. Жолдасбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен

Облыс әкімі
« К Е Л І С І Л Д І »
Қ а з а қ с т а н
А у ы л
А .
29.09.2014 жыл

К. Көкрекбаев
Р е с п у б л и к а с ы
ш а р у а ш ы л ы ғ ы
м и н и с т р і
М а м ы т б е к о в
Жамбыл облысы облысы әкімдігінің
2014 жылғы 22 қыркүйектегі

№ 255 қаулысына қосымша

2014 жылға субсидияланатын тыңайтқыштар түрлері және отандық өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмна) субсидиялар нормалары

№	Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	1 тоннаға (литр, килограмм) субсидиялар нормалары, теңге
1	Аммиак селитрасы (N-34,4%:)	тонна	50	28 900
2	Аммофос (N-10%:P ₂ O ₅ -46%)	тонна	50	45 000
3	Жай суперфосфат (P ₂ O ₅ -19%)	тонна	50	24 500
4	Сульфоаммофос (N-18%: P ₂ O ₅ -18%: S-17%)	тонна	50	34 250
5	Фосфоритті ұн (P ₂ O ₅ -17%)	тонна	50	8 210
6	Хлорлы калий (K ₂ O-42%; KCL-65%)	тонна	50	48 000
7	Күкірт қышқылды калий (калий сульфаты) (K ₂ O 50%)	тонна	50	105 000
8	Азотты-фосфорлы-калийлі кешенді минералды тыңайтқыш NPK-16:16:16 (NPK қосындысы)	тонна	50	54 000
9	Азотты-күкіртті Супрефос «Супрефос-NS» (N-12%: P ₂ O ₅ -24%) (Ca:Mg:SO ₃)	тонна	50	45 000

2014 жылға субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмна) субсидиялар нормалары

№	Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	1 тоннаға (литр, килограмм) субсидиялар нормалары, теңге
---	-----------------------------------	---------------	--------------------------------------	--

1	Карбамид (N-46,3%)	тонна	30	31 800
2	КАС (сұйық тыңайтқыш N-27-33%)	тонна	30	15 000
3	Капролактамы аммоний сульфаты (N-21%)	тонна	30	16 200
4	Нитроаммофоска (N-15:P-15:K-15)	тонна	30	30 000
5	Аммиакты селитрасы (N-34,4%)	тонна	30	17850
6	Аммофос (N-10%:P ₂ O ₅ -46%)	тонна	30	30 900

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК